

«UIB КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» ЖШС

Педагогикалық кеңес отырысының

№3 Хаттамасы

Өту мерзімі 20.01.2026ж

Қатысқандар:30

Қатыспағандар:1

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

№	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	2025-2026 оқу жылының 1 семестріндегі оқу-тәрбие жұмысының қорытындылары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Оразова Р. К.
2	Оқу бөлімі меңгерушісінің 2025-2026 оқу жылының жарты жылдық есебі	Бөлім меңгерушісі Г. Утеген.
3	2025-2026 оқу жылының аралық аттестациясын талдау және 1 семестрінің жұмысын қорытындысы.	Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова М. Т.
4	Әртүрлі мәселелер (Колледждің мемлекеттік аттестаттауын ұйымдастыру және дайындау)	Колледж директоры Якенова Қ.Ж. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова М. Т.

Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша колледж директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Оразова Р.К. 2025–2026 оқу жылының I семестріндегі оқу-тәрбие жұмысының қорытындылары тақырыбында өз баяндамасын ұсынды.

Оразова Р.К. өз баяндамасында I семестрде колледжде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы, студенттердің азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбиесі, құқықтық және профилактикалық

жұмыстардың жүргізілуі туралы нақты мәліметтер берді. Сонымен қатар алдағы кезеңге қойылатын міндеттер мен тәрбие жұмысын жетілдіру жолдары атап өтілді. 2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында колледжімізде Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» жүйелі түрде іске асырылды.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – адалдықты, жауапкершілікті, отансүйгіштікті, еңбекқорлықты және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, саналы да бәсекеге қабілетті азамат тәрбиелеу. Баяндамада колледжіміздің тәрбие жұмысының негізгі міндеттері көрсетілген.

Және де жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру арқылы білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және тұтас тұлға ретінде дамыту. I жартыжылдықта жоспарға сәйкес 81 іс-шара және жоспардан тыс 22 іс-шара өткізілгені, барлық материалдар (фото, сілтемелер) электронды түрде жинақталғаны баяндалды.

Кураторлардың тәрбие жұмысы, ата-аналармен өзара байланыс, сабаққа кешігетін және жиі қалатын білім алушылармен жүргізілген жұмыстар, сондай-ақ құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары туралы ақпарат берілді.

Бағдарламаны іске асыру бағыттары. I жартыжылдықта тәрбие жұмысы бағдарламаның негізгі бағыттары бойынша ұйымдастырылды:

- азаматтық-патриоттық тәрбие;
- рухани-адамгершілік тәрбие;
- құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру;
- еңбек және кәсіби бағдар беру;
- ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраны насихаттау;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Өткізілген негізгі іс-шаралар. Аталған бағыттар аясында келесі жұмыстар жүзеге асырылды:

- «Адалдық – адамдықтың белгісі», «Адал азамат – ел тірегі» тақырыптарында кураторлық сағаттар өткізілді;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсету мақсатында патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылды;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие аясында түсіндіру жұмыстары, бейнероликтер талдау, пікірталастар жүргізілді;

- Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында әдеби кештер, челленджер, танымдық кездесулер өткізілді;
- Студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру үшін құқықтық ақпарат сағаттары ұйымдастырылды;
- Салауатты өмір салтын насихаттау бағытында спорттық және профилактикалық іс-шаралар өткізілді.

Нәтижелер мен тиімділігі. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде студенттердің:

- қоғамдық белсенділігі артты;
- адалдық, жауапкершілік, тәртіпке бағыну дағдылары қалыптаса бастады;
- ұлттық құндылықтарға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге деген көзқарасы нығайды;
- құқықтық мәдениеті мен азаматтық позициясы күшейді.

Бағдарлама аясындағы іс-шаралар студенттердің тек білім алуына ғана емес, жан-жақты тұлға болып қалыптасуына оң әсерін тигізді.

Қорытындылай келе, 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында колледжімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарлы әрі мазмұнды түрде жүзеге асырылды.

Алдағы уақытта тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру, студенттердің азаматтық санасын, адалдық қағидағтарын терең қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табатын болады. Бұл баяндамада колледжіміздің тәрбиелік мақсаты мен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі бағыты көрсетілген.

Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» және «Тәрбие және білім» бағдарламалары аясында республикалық жобаларға белсенді қатысу арқылы колледждің тәрбие жүйесін барлық бағыттар бойынша жетілдіру жұмыстары жүргізілді.

Жастар қозғалысы шеңберінде студенттердің көшбасшылық қабілеттерін дамыту, «Zhastar.kz», «Аманат» жастар қанаты, ҚР Жастар Альянсы және басқа да серіктестермен өзара іс-қимыл жасау жолға қойылды.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөлім меңгерушісі Утеген Г.У.-ның 2025–2026 оқу жылының I жарты жылдығындағы жұмысы бойынша есебі тыңдалды. Есепте бөлімнің құрылымы, мамандықтар бойынша студенттер контингенті, курсы, жынысы және оқыту тілі бойынша бөлінісі туралы мәліметтер ұсынылды. Атап айтқанда, бөлім құрамына менеджмент,

қонақ үй бизнесі, интерьер дизайн және аударма ісі мамандықтары кіретіні көрсетілді. Бөлімде барлығы 443 студент білім алатыны, оның ішінде орыс тілінде білім алатындар – 259 студент, қазақ тілінде білім алатындар -184 студент екендігі атап өтілді. Аралық аттестаттауға қайта жіберілген студенттер тізімі көрсетілді.

Аралық аттестаттауға қайта тапсыруға жіберілген студенттер тізімі:

Қазақ тілі	МК25-2	Тлебалдиев Али Зулпыхар Жанар
Русский язык	ПДМ25-1К:	Рачинская Лилиана Абайқызы Айсана
ОН2.1.	МК24-1:	Бауржанұлы Рахат

Сонымен қатар дене тәрбиесі пәнінен босатылған студенттер саны, олардың медициналық анықтамалар негізінде тіркелуі туралы мәліметтер берілді.

Дене тәрбиесі сабағынан босатылған студенттер тізімі:

1. Жұмақын Алуа	MP24-1К
2. Вахин Ахмад Сахель	MP25-1К
3. Саракаева Самира	MP24-1К
4. Елгандинова Рамина	MP24-1К
5. Никитина Марина	MP24-2К
6. Берік Нұрбек	MP24-1
7. Мухаметкалиева Алуа	МК24-1
8. Сарсенбаева Жансая	MP24-2
9. Меліс Томирис	ГБ25-1
10. Баетова Батима	MP25-1
11. Тохтарова Аружан	MP25-1
12. Амангелді Ерасыл	МК24-1

Үлгерім сапасының барлық топтар бойынша 100% екені, білім сапасының орташа көрсеткіші 87 % құрайтыны айтылды.

Сондай-ақ академиялық айырмашылығы бар студенттер тізімі туралы ақпарат ұсынылды.

Академиялық айырмашылығы бар студенттер тізімі:

1. Сапарбай Жанерке
2. Хайролда Жанайым
3. Айбулова Ясира

Есеп барысында үлгерім сапасы мен білім сапасының көрсеткіштері талданып, оқу процесін жетілдіру бағытындағы өзекті мәселелер мен алдағы кезеңге арналған міндеттер айқындалды.

3. Келесі мәселе бойынша Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова Майя Туралиевнаның 2025–2026 оқу жылының I семестріндегі оқу процесін ұйымдастыру және нәтижелері туралы есебі

тыңдалды. Баяндамада I семестрдегі оқу процесінің жоспарлануы мен ұйымдастырылуы, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы, сабақ кестесінің жүргізілуі, оқытушылардың оқу жүктемесінің бөлінуі, білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштері, аралық аттестаттау нәтижелері, академиялық үлгерімі төмен білім алушылармен жүргізілген жұмыстар туралы нақты мәліметтер берілді. Сонымен қатар оқу процесін жетілдіруге бағытталған алдағы кезеңнің міндеттері белгіленді.

Есепте оқытушылар құрамы, педагог қызметкерлердің сапалық көрсеткіштері, штаттық және штаттан тыс оқытушылар саны, педагогтердің біліктілік санаттары туралы мәліметтер ұсынылды. Педагог қызметкерлердің тарификациясы бекітіліп, оқу процесінің кестесі мен сабақ кестесінің уақытылы құрылғаны баяндалды.

Педагогикалық кеңес жоспарының орындалуы, педагогикалық жүктеменің I семестр қорытындысы, оқу процесін ұйымдастыру барысы қаралды. Сонымен қатар теориялық және өндірістік журналдардың толтырылу жағдайы, анықталған кемшіліктер, бағалардың қойылуы мен түзетулерге байланысты мәселелер айтылды.

I семестр қорытындысы бойынша студенттер саны, стипендия алушылардың үлесі, жай және жоғарылатылған стипендия көрсеткіштері туралы ақпарат берілді.

Есептің қорытынды бөлімінде журналдарды дұрыс толтыру бойынша семинарлар өткізу, оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарына жіберу және педагог кадрлардың сапалық құрамын жақсарту бойынша ұсыныстар айтылды.

Әртүрлі мәселерде Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары М. Т. Исмагамбетова “Колледждің мемлекеттік аттестаттауын ұйымдастыру және дайындау” туралы айтты.

Ол қызметкерлерді білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстармен таныстырды. Мемлекеттік аттестаттау - білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің тиісті білім беру деңгейіне арналған мемлекеттік міндетті стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау үшін жүргізілетін рәсім.

Осыған байланысты М. Т. Исмагамбетова директордың орынбасарлары, бөлім меңгерушісі, оқу бөлімінің меңгерушісі, кадр бөлімінің меңгерушісі және бухгалтерден тұратын комиссия құруды ұсынды. Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау комиссиясы тоғыз мүшеден тұрады, оны колледж директоры Қ.Ж.Якенова басқарады. Сондай-ақ, ол қызметкерлерге білім беру мекемесін мемлекеттік аттестаттау бойынша UIВ Көпсалалы колледжінің өзін-өзі бағалау іс-қимыл жоспарын (қоса берілген) таныстырды. Комиссия өзін-өзі бағалау нәтижелерін педагогикалық кеңестің отырысында қарастырады және оларды барлық білім беру саласындағы мүдделі тараптармен бөліседі.

Ары қарай сөз кезегін колледж директоры Қ.Ж.Якенова алды. Ол өз кезегінде мынаны ұсынды:

1) UIВ Көпсалалы колледжінің өзін-өзі бағалау комиссия мүшелерін бекіту.

2) Комиссия мүшелері 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» № 486 бұйрығына (3-тармақ. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері) сәйкес ақпарат дайындауға тиісті.

Оқылған баяндамаларды тыңдай келе, ұжым келесідей

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1. Колледж директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Оразова Р.К.-ның 2025–2026 оқу жылының I семестріндегі оқу-тәрбие жұмысының қорытындылары туралы баяндамасы назарға алынсын.

1.2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында колледжде жоспарлы және жүйелі түрде іске асырылғаны қанағаттанарлық деп бағалансын.

1.3. Кураторлар мен тәрбие бөліміне студенттердің азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік және құқықтық мәдениетін арттыру бағытындағы жұмысты жалғастыру және күшейту тапсырылсын.

1.4. Сабакқа кешігу және себепсіз қалу фактілерінің алдын алу, сондай-ақ құқықбұзушылықтың профилактикасы бойынша ата-аналармен өзара байланысты нығайту міндеттелсін.

1.5. 2025–2026 оқу жылының II семестрінде тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында республикалық жобаларға, жастар ұйымдарымен бірлескен іс-шараларға студенттердің қатысуын кеңейту тапсырылсын.

Жауаптылар: директордың тәрбие -ісі жөніндегі орынбасары және кураторлар

2.1. Бөлім меңгерушісі Утеген Г.У.-ның 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығындағы бөлім жұмысы туралы есебі назарға алынсын.

2.2. Бөлімдегі мамандықтар бойынша студенттер контингенті, үлгерім көрсеткіштері және білім сапасының орташа деңгейі (87%) туралы ақпарат ескерілсін, барлық топтар бойынша үлгерімнің 100% болуы оң нәтиже ретінде бағалансын.

2.3. Дене тәрбиесі пәнінен босатылған студенттердің медициналық анықтамалар негізінде тіркелуі заңдылыққа сай деп танылсын, аталған студенттердің есебі белгіленген тәртіппен жүргізілсін.

2.4. Академиялық айырмашылығы бар студенттермен оқу жетістіктерін жақсарту мақсатында жеке оқу траекториясын ұйымдастыру және бақылауды күшейту жауапты тұлғаларға міндеттелсін.

2.5. Білім сапасын арттыру мақсатында оқу-әдістемелік жұмысты күшейту, заманауи оқыту әдістерін қолдану ұсынылсын.

Жауаптылар: Бөлім меңгерушісі

3.1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова Майя Туралиевнаның 2025–2026 оқу жылының I семестріндегі оқу процесін ұйымдастыру және нәтижелері туралы есебі назарға алынсын.

3.2. I семестрде оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы, сабақ кестесінің уақытылы құрылуы және педагог қызметкерлердің оқу жүктемесінің нормативтік талаптарға сай ұйымдастырылғаны қанағаттанарлық деп бағалансын.

3.3. Аралық аттестаттау қорытындысы бойынша академиялық үлгерімі төмен білім алушылармен жүргізілетін жұмысты жүйелеу және бақылауды күшейту директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына және бөлім меңгерушілеріне тапсырылсын.

3.4. Теориялық және өндірістік журналдардың дұрыс әрі уақытылы толтырылуын қамтамасыз ету, бағаларды қою және түзету талаптарының сақталуын пән оқытушыларына міндеттеу, бақылауды әдіскерлер мен оқу бөліміне жүктеу.

3.5. Оқу процесінің сапасын арттыру мақсатында педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарына жіберу, аттестаттауға дайындық және журналдарды жүргізу бойынша әдістемелік семинарлар ұйымдастыру тапсырылсын.

Жауаптылар: Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары

4. Өртүрлі мәселелер Колледждің мемлекеттік аттестаттауын ұйымдастыру және дайындау бойынша:

Осыған байланысты М. Т. Исмагамбетова директордың орынбасарлары, бөлім меңгерушісі, оқу бөлімінің меңгерушісі, кадр бөлімінің меңгерушісі және бухгалтерден тұратын комиссия құруды ұсынды. Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау комиссиясы тоғыз мүшеден тұрады, оны колледж директоры Қ.Ж.Якенова басқарады. Сондай-ақ, ол қызметкерлерге білім беру мекемесін мемлекеттік аттестаттау бойынша УІВ Көпсалалы колледжінің өзін-өзі бағалау іс-қимыл жоспарын (қоса берілген) таныстырды. Комиссия өзін-өзі бағалау нәтижелерін педагогикалық кеңестің отырысында қарастырады және оларды барлық білім беру саласындағы мүдделі тараптармен бөліседі.

Колледж директоры Қ.Ж.Якенова мыналарды ұсынды:

- 1) УІВ Көпсалалы колледжінің өзін-өзі бағалау комиссия мүшелерін бекіту.
- 2) УІВ Көпсалалы колледжінің білім беру мекемесін мемлекеттік аттестациялау бойынша өзін-өзі бағалау іс-шаралар жоспарын бекіту.
- 3) Іске асыруға жауапкершілікті директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М. Т. Исмагамбетоваға жүктеу.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» № 486 бұйрығына (3-тармақ. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері) қосымша негізінде

1. «UIB Көпсалалы колледжі» ЖШС білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау комиссиясының мүшелері бекітілсін:

Төрайымы: Қ.Ж.Якенова, колледж директоры

Комиссия мүшелері:

2. Исмагамбетова Майя Туралиевна - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

3. Тлеуова Жанар Сапарбековна - директордың оқу өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары;

3. Сисенбаева Асем Жанатовна - директордың оқу әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;

4. Оразова Рая Кадысовна - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

5. Куатова Анар Нургамзаевна - оқу бөлімінің меңгерушісі;

6. Смагулова Назгуль Абдильдаевна – бухгалтер;

Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде UIB Көпсалалы колледжінің өзін-өзі бағалау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

Жауаптылар: Директордың орынбасарлары және оқу бөлімінің меңгерушісі, бөлім меңгерушісі.

Хатшы:

Акимжанова Лавра Мадигановна



№	ФИО	Подпись
1.	Якенова Куралай Жумабековна	
2.	Исмагамбетова Майя Туралиевна	
3.	Сисенбаева Асем Жанатовна	
4.	Тлеуова Жанар Сапарбековна	
5.	Орзова Рая Кадысовна	
6.	Куатова Анар Нургамзаевна	
7.	Маханова Нурсулу Кунболаткызы	
8.	Утеген Гулбаршын Утегенкызы	
9.	Турсынбай Гулназ Беріккызы	
10.	Рашидова Лейла Анваровна	
11.	Аутов Бахтияр Усенович	
12.	Акимжанова Лавра Мадигановна	
13.	Данилова Мария Сергеевна	
14.	Андосова Акмарал Рыскулбековна	
15.	Абдукаримова Арайлым Русланкызы	
16.	Галымжан Мухаметали Жанысулы	
17.	Досыбаев Марат Толегенович	
18.	Жакыпкызы Элия	
19.	Исабекова Гулаим Корганбековна	
20.	Искаков Талгат Нагашбекович	
21.	Кебекбаева Светлана Хамбабаевна	
22.	Калжанова Асел Дуйсебековна	
23.	Малкаева Шынар Джумагалиевна	
24.	Мамбетова Жансая Абдирашитовна	
25.	Нарымбет Бегімхан Бөріханұлы	
26.	Рахимова Алина Мураткызы	
27.	Сандыбай Санат Өтепбергенұлы	
28.	Саулебаев Адилет Талгатович	
29.	Серік Ғазиза	
30.	Турсабекова Назипа Досжановна	
31.	Кулумжанова Томирис Нуржановна	